

№29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасы МКҚК

**2022-2023 оқу жылы
Жалпы ата – аналар жиналысы №1**

Шымкент қаласы



Жалпы ата-аналар жиналысы жоспары

Мақсаты: Білім мен тәрбие берудің бірегейлі кеңестігін құру, отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығын жетілдіру

к/с	Жұмыс мазмұны	Уақыты	Жауаптылар
№1 ата-аналар жиналысы			
1	❖ Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен таныстыру ❖ 2022-2023 оқу жылының мақсат- міндеттермен,күн тәртібімен, ата-аналар ережесімен таныстыру. ❖ Қаржы бойынша есеп. ❖ Ата – аналар комитетінің құрамын сайлау. ❖ Әр түрлі мәселелер, сұрақ-жауап сағаты ❖ «Қазіргі заманғы ата-ананың балаға деген мейірімділігі қалай?» тренинг	10.2022ж	Менгеруші Әдіскер Есепші Менгеруші Ата-аналар ұсынысы Психолог
2			
3			
4			
5			

№2 ата-аналар жиналысы

		03.2023ж	Менгеруші
1	❖ Дөңгелек үстел «Бірлескен іс- нәтижелі көрсеткіш» (бала тәрбиесі мен білімінің жетістігі, «Рухани жаңғыру», т.б. бағдарламалардың жоспарларының орындалуы ой бөлісу, пікірлесу, ұсынысты қабылдау)		Менгеруші
2	❖ Менгерушінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстарға есепі.		Менгеруші
3	❖ Оқу-тәрбие жұмысына есеп. ❖ Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.		Әдіскер

Әдіскер



Оспанова М.О

Жалпы ата-аналар жиналысы №1

Хаттама

18 қазан 2022 жыл

Шымкент қаласы

Жиналысқа қатысқандар саны – 136

Ата-аналар:90

Педагогтар:46

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- ❖ **1. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен таныстыру**
Әдіскер Мырзашева Г.
- 2. 2022-2023 оқу жылының мақсат-міндеттерімен , күн тәртібімен ата-аналар ережесімен таныстыру**
Меңгеруші Сейдалиева К.К
- 3. Қаржы бойынша есеп**
Есепші Мамаева З.Т
- 4. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау**
Меңгеруші Сейдалиева К.К, ата-аналар
- 5. Әр түрлі мәселелер, сұрақ-жауап сағаты**
Меңгеруші Сейдалиева К.К, ата-аналар
- 6. «Қазіргі заманғы ата-ананың балаға деген мейірімділігі қандай» тренинг** Психолог Рустемова Ж

Меңгеруші: Құрметті ата-аналар! Басталған 2022-2023 жаңа оқу жылымен құттықтаймыз. Ата-аналар жиналысында кездескенімізге қуаныштымын. Біз бен сіздерді байланыстырып тұрған әрине балалар. Сол балаларымыз аман болсын! Балаларыңыз тек сіздерді жақсы қылықтарымен қуанта берсін дей келе бүгінгі оқу жылындағы жиналысымызды ашуға рұқсат етіңіздер.

- 1. Тыңдалды: Әдіскер Мырзашева Гулшат Керимхановна**
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы»
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен өзгертілді.

■ Бағдарламаның басты мақсаты: Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере

отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінді оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады

- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттықкеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, 4 мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық дайындығы болып табылады

2.Тыңдалды: меңгеруші Сейдалиева Карлыгаш Култаевна

2022-2023 оқу жылының мақсат-міндеттерімен , күн тәртібімен ата-аналар ережесімен таныстыру

Балабақшада баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру, толық кеңестікті құру және мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуын кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз етуге, сонымен қатар баланың сөйлеуін, ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашу негіздерін және жаңа технологияларды меңгертуге толық жағдай жасалған.

3.Тыңдалды : есепші Мамаева Зарипа Тұймебаевна Қаржы бойынша есеп

2022 жылдың тамызынды Шымкент қаласы әкімінің Қаулысымен балабақшадағы балалардың ата-аналар төлейтін төлемақы өсті

4. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау

Тыңдалды Меңгеруші Сейдалиева Карлыгаш Култаевна :Ата-аналар жиналысына жиналған 90 ата –ана өздеріңіздің ішінен ата-аналар комитетін сайлау керектігін өз сөзінде қозғады.

Сөз кезегін алған ата-ана Елшибекова Жансая :

Біз балабақша жұмысшыларына және меңгерушіге айтар алғысымыз шексіз.Сіздер балаларымызға білімдеріңізбен сусындап дұрыс тәрбиемен баулып жатсыздар. Мен өзім ата-аналар комитеті ретінде сауатты білім жолында өзінің еңбегі бар педагог ата-ана болса сол кісіні сайлауға кеңес берер едім.Ата-аналар педагог аналарды ортаға шығарып әр қайсысының

сөзін тыңдап, ішінен дауыс беру арқылы №127 мектептің мұғалімі Найманбаева Меруерт тағайындалды.

Қаулы етілді:

1. Балабақша педагогтары балаларды тәрбиелеумен білім беруде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына» сай жұмыс атқарсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бекіткен әдістемесіне сәйкес балабақша қызметкерлері мен ата-аналар күн тәртібіне сәйкес жұмыс атқарсын.

3. 2022 жылдың 01 қыркүйгінен бастап төлем бекітілген тариф бойынша қабылдансын. Балалар ауырып қалған себепті бақшаға келмесе анықтама болса ол күндерге төлемақы төленбейді.

4. Көпшіліктің дауыс беруімен №29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасы МКҚК ата-аналар комитетінің құрамы:

Ата-аналар комитеті төрайымы:

Найманбаева Меруерт

Ата-аналар комитетінің мүшелері:

1. Батырбекова Наргиса Колбаевна

2. Рустимова Зарина болып тағайындалды.

Ата-аналар жиналысының хатшысы



Г.Мырзашева

Жалпы ата-аналар жиналысы №2

Хаттама

15 наурыз 2022 жыл

Шымкент қаласы

Жиналысқа қатысқандар саны – 170

Ата-аналар:122

Педагогтар:48

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- ❖ 1. «Бірлескен іс- нәтижелі көрсеткіш»
(бала тәрбиесі мен білімінің жетістігі, «Үштілділікке баулу» және «Рухани жаңғыру», т.б.бағдарламалардың жоспарларының орындалуы ой бөлісу, пікірлесу, ұсынысты қабылдау)
- ❖ 2. Меңгерушінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстарға есебі.
- ❖ 3. Оқу-тәрбие жұмысына есеп.

Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.

Меңгеруші: Құрметті ата-аналар! Басталған 2022-2023 жаңа оқу жылымыз жақсы жетістіктермен атқардық. Ата-аналар жиналысында кездескенімізге қуаныштымын. Біз бен сіздерді байланыстырып тұрған әрине балалар. Сол балаларымыз аман болсын! Балаларыңыз тек сіздерді жақсы қылықтарымен қуанта берсін дей келе бүгінгі жиналысымызды ашуға рұқсат етіңіздер.

1.Тыңдалды: Әдіскер Мырзашева Гулшат Керимхановна

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен өзгертілді.

- Бағдарламаның басты мақсаты: Әр баланың қызығушылықтарын,ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып,жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінді оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады
- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттықкеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту,

әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, 4 мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық дайындығы болып табылады

❖ **2.Тыңдалды:** Меңгерушінің 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстарға есебі. **Сейдалиева Карлыгаш Култаевнаға сөз кезегі берілді.**

❖ 2022-2023 оқу жылының мақсат-міндеттерімен, күн тәртібімен ата-аналар ережесімен таныстыру. . «Бірлескен іс- нәтижелі көрсеткіш» (бала тәрбиесі мен білімінің жетістігі, «Үштілділікке баулу» және «Рухани жаңғыру», т.б.бағдарламалардың жоспарларының орындалуы ой бөлісу, пікірлесу, ұсынысты қабылдау)

Балабақшада баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру, толық кеңестікті құру және мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуын кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз етуге, сонымен қатар баланың сөйлеуін, ана тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту, сауат ашу негіздерін және жаңа технологияларды меңгертуге толық жағдай жасалған. Құрметті ата-аналар бұлдіршіндерімізді сіздер мен біздер жұмыла тәрбиелесек үлкен белестерді бағындыратынымызға кәміл сенемін. 2022-2023ж оқу жылында «Рухани жаңғыру» аясында «Біз бақытты отбасы» және «Әжемнің ертегісі» атты байқауларға қатысып жүлделі болып жатқан жайымыз бар.Бұл жетістікке жетуімізге сіздердің де үлестеріңіз көп,бұл үшін сіздерге алғысымыз шексіз!

❖ **3.Тыңдалды :** . Оқу-тәрбие жұмысына есеп.

Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.

4. Ата-аналарға өз ойларын айтуға сөз кезегі берілді

Тыңдалды:

Сөз кезегін алған ата-ана: Исабекова Жазира Ахметовна

Біз балабақша жұмысшыларына және меңгерушіге айтар алғысымыз шексіз.Сіздер балаларымызға білімдеріңізбен сусындап дұрыс тәрбиемен баулып жатсыздар. Сіздерге үлкен рахмет!!

Қаулы етілді:

1. Балабақша педагогтары балаларды тәрбиелеумен білім беруде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына» сай жұмыс атқарсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бекіткен әдістемесіне сәйкес балабақша қызметкерлері мен ата-аналар күн тәртібіне сәйкес жұмыс атқарсын.

3. 2022 жылдың 01 қыркүйгінен бастап төлем бекітілген тариф бойынша қабылдансын. Балалар ауырып қалған себепті бақшаға келмесе анықтама болса ол күндерге төлемақы төленбейді.

4. Қатысқан ата-аналарға алғыс айтылды.

Ата-аналар жиналысының хатшысы



Г.Мырзашева